

МКҚК № 11 «Аружан» бөбекжай-бақшасы

«Туган жер табиғаты»

Ашық іс-әрекеті. № 5 «Күншуақ»



Тәрбиешілер: Сулейменова К. А.

Шымкент 2019 ж

Мақсаты: Туған өлке -Шымкент қаласы туралы білімдерін жетілдіру. Туған жеріне деген махаббат пен құрметке тәрбиелеу. Балалардың бойына табиғатқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру. Туған жер табиғатын қорғауға, оны ластамауға, өз отанына, туған жеріне деген көз қарастарын дұрыс қалыптастыру және дамыту.

Тәрбиелілігі: табиғатты сүйе білуге, оны қорғауға, ұйымшылдыққа, өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

Сабақ түрі: кешенді (тіл дамыту, айналамен таныстыру, көркем сөз, шығармашылық орталық)

Әдіс тәсілі: тақтамен, суретпен жұмыс, сұрақ -жауап, өлең -шумақ, тапсырма орындау, слайд көрсету.

Кіріспе: Балалар, біз бүгін өз туған өлкеміз туралы, табиғатты аялай білуге және оны қорғау туралы өз білімдерімізді ортаға саламыз.

Жарқырысын күніміз

Жайнап тұрсын жүзіміз.

Жақсы ниет тілекпен,

Бастайық сабақ бүгін біз.

- Балалар, біз қай республикада тұрамыз?

- Елордамыз қалай аталады?

- Біздің туған жеріміз қалай атадады?

- Яғни біз Шымкент қаласында тұрады екенбіз.

- Біздің Шым қаламыздың табиғаты қандай?

1-бала. Табиғат - бүкіл тіршілік атауының алтын ұясы,



аялы бесігі, менің өсіп өнген өлкем.

- Табиғаттың басты байлығы не?

2-бала- Табиғаттың басты байлығы жер. Адамдар, өсімдіктер, жануарлар өз қорегін осы жерден алады. Табиғаттың байлығын сақтау, адамдардың өз қолында.

- Табиғат туралы тағы қандай түсінігіміз бар?

3- бала:Адам - Жер Ана мен табиғаттың перзенті, Жер ананы сүйе білу, оны аялау - әр адамның борышы.

- Балалар, сендер табиғат туралы жақсы айтыңдар. Енді біздің ОҚО-да қанша аудан бар?

- Он үш аудан бар.

Біздің Оңтүстік обылысымыздың адамдары өте еңбекқор, табиғаттан сол еңбек арқылы көптеген өнім алады.

- Биыл Сарыағаш ауданында 8781 тонна жүзім жиналды.

Алма өсіру - Оңтүстіктегі ауыл шаруашылығының басым бағыттарының бірі. Біздің өңірдің табиғаты жалпы жеміс - жидек өсіруге өте қолайлы. Сонымен бірге ақ алтын мақтамызбен мақтанып, шет елдерге шыға аламыр. Осы мақта өнімінен жасалған бұйымдарымыз экспортқа шығады.

Биыл обылыс бағбандары 86,4 мың тонна алма жинады.

Балалар, өзіміз білетін аудандарымыз жайлы өлең - шумақтарымызды айтайық.

Нұржан: Жерің байтақ тау қоршаған айналаң.

Түркістанды Түмен бабаң жайлаған.

Кентауың бар асты толған қазына



Отырар бар төрт түлігін байлаған.

Ұлжалғас: Мақтаралың тұнған жеміс, ақ алтын.

Сарыағаштың суын ішсең қанасын.

Түкібастың табиғаты тамаша

Ұғына алсаң өз елімнің бағасын.

Мұхаммеджан: Шағалалы Шардара бар көк теңіз.

Қазығұртты айналып сіз өтпеңіз.

Кеме қалған Пайғамбардың киелі.

Дәл сол тауда жатыр тарих көнеңіз.

Роза: Төлебиң керемет жер шұрайлы

Сайрамынды сансыз бабың кұрайды.

Барлық жерің жер жәннәті ғажап тым,

Өз жеріңдей жер жоқ сірә шырайлы.

Евелина: Жерің дархан, бақ орнаған далаңа

Құт дарыған өшпестей боп қалаңа.

Тарихыңның сырын шертсең болады

Ерінбестен елін сүйген балаңа.

Сергіту сәті: Табиғат біздің анамыз

Табиғатқа баламыз.

Біз әдепті боламыз

Қоршаған ауамен тыныс аламыз.

-Ал, енді балалар, біз өзіміз тұратын Шым қаламызға



келейікші.

Юсуф: Менің қалам, гүлге оранған кең өлкем

Жыр жазамын өрнектетіп өлеңмен.

Күннің нұры шұғыласын шашады

Жұлдыздырда жымындайды төбемнен.

Айару: Менің қалам,

Жасыл бақта орнаған.

Көрінеді шуақ төккен күн алдан.

Сен қымбаттсын елің үшін Шымқала.

Әр қазақтың шын мекені бола алған.

Асылжан: Қойнауыңда байлығың мен ырысың

Мұның бәрі осы жақсы күн үшін.

Оңтүстігім менің асыл қазынам

Әр қазақтың таусылмайтын жырысың.

Суретпен жұмыс - Ақнұр.

Жарайсыңдар балалар, жалпы қаламыз туралы жақсы айтыңдар.

Назарымыздаы экранға аударайық.

(қаланың көрікті жерлеріне түсінік беру)

Жалпы Отанымыз Қазақстан туралы суретпен жұмыс және көрме, отандық өнімдерге шолу жасау.

Балалар: Мынау менің жүрегім.....



Енді 3 топқа бөлініп шығармашылық орталыққа барайық

1- топ: Көкөністерді ермексазбен мүсіндеу.

2- топ: Аппликация. Жүрекшелерді қиып өздерінің жүрек жарды сөздерін айтып педагогтарға ұсынады.

3-топ: Қазақстан картасын құрастырады.

Орындарына жайғасады. "Табиғатты қалай қорғаймыз" сұрақ жауап.

Мақал -мәтелдер айту.

Қорытынды сұрақтар.

- Бізді қоршап тұрған не?
- Қай қалада тұрамыз?
- Көктем мезгілінде жерге не егеміз?
- Табиғатты не істеуіміз керек?

Ән:"Туған жер."



